**Атырау облысында кедейлікті төмендету жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы**

Екінші сайланған Атырау облыстық Мәслихаты XXI сессиясының шешімі. 2002 жылғы 6 желтоқсандағы N№262-II. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 25 желтоқсанда N 1237 тіркелді

Атырау облысында кедейлікті төмендету жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама жобасын талқылап, II сайланған Атырау облыстық Мәслихатының XXI сессиясы шешім етті:

1. Атырау облысында кедейлікті төмендету жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама және осы бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау әлеуметтік қорғау, денсаулық, білім, мәдениет және жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясына (У.Бисенұлы) тапсырылсын.

*Облыстық Мәслихаты*

*XXI сессиясының төрағасы*

*Облыстық Мәслихаттың хатшысы*

**Атырау облыстық әкимиятының 2002 жылғы 3 желтоқсандағы N 294 қаулысы**

**Атырау облысында кедейлікті төмендету жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама туралы**

Кедейлікті төмендету жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2002 жылғы 6 наурыздағы N И-295 мәжілісінің хаттамасына сәйкес және облыс халқының өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында облыстық әкімият қаулы етеді:

1. Атырау облысында кедейлікті төмендету жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама (әрі қарай - Бағдарлама) мақұлданып, облыстық Мәслихаттың кезекті сессиясының бекітілуіне ұсынылсын.

2. Атырау қаласының және аудандар әкімдері, облыстық басқармалар мен департаменттері:

1) Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етсін және кедейлікті төмендету жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған аймақтық бағдарламаларды 2003 жылдың 20 қаңтарына дейін дайындасын;

2) еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау облыстық басқармасына тоқсан сайын бағдарламаның орындалу барысы туралы есеп беру тоқсанынан кейінгі

келесі айдың 5 жұлдызынан кешіктірмей ақпарат берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары В.В.Супрунға жүктелсін.

*Облыс әкімі*

Облыс әкімиятының 2002 жылғы 3 желтоқсандағы N№262-II қаулысына қосымша

**Атырау облысында кедейлікті төмендету жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы**

**Бағдарламада қолданылған қысқартылған белгілер**

**1. Бағдарлама паспорты**

| | |
|---|---|
| Атауы | Атырау облысында кедейлікті төмендету жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы. |
| Даярлау үшін негіз: | Кедейлік деңгейін төмендету мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссия мәжілісінің 2002 жылғы 6 наурызындағы N№И-295 хаттамасы. |
| Негізгі әзірлеуші: | Басқа басқармалармен, департаменттермен біріге отырып, облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы |
| Мақсаты: | Экономикалық өсуге жағдай жасау, халықтың табысты жұмыспен қамтылуы мен табыстарын ұлғайту, денсаулық сақтау және білім беру қызметтеріне қол жеткізуді көтеру, атаулы әлеуметтік қорғауды жақсарту арқылы кедейлікті қысқарту. |
| Міндет-тері: | Облыстық бағдарламаның мақсаттарына жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу қарастырылады:<br>Кәсіпкерлікті, оның ішінде шағын бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау.<br>Қосымша жұмыс орындарын ашу, ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, кәсіби оқыту, жұмыссыздардың біліктілігін жетілдіру және оларды қайта даярлау есебінен жұмыспен қамтуға ықпал етудің белсенді шараларын одан әрі дамыту және жетілдіру;<br>Денсаулық қорғау, білім беру секторларында мемлекеттік қызмет көрсетуге қол жеткізушіліктің және тиімділігін көтеру;<br>Халықтың кедей және осал топтары мүддесіне сай әлеуметтік көмектердің атаулылығын қамтамасыз ету;<br>Кедейлік проблемаларын шешу мақсатында облыстық және жергілікті атқарушы органдардың жасап жатқан жұмыстарын бағалау және мониторинг жүйелерін жетілдіру. |
| Негізгі принцип-тері: | Азаматтардың қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылатын еңбек және кәсіпкерлік бастамаларын көтермелей отырып, еңбек және әлеуметтік салалардағы асыранды болуға қарсы күрес жүргізу.<br>Алынатын шаралардың тиімділігін арттыру, аз шығындар жұмсай отырып, қажетті нәтижелерді қамтамасыз ету;<br>Атқарушы органдар қызметтерінің халыққа айқындылығы мен есеп беру міндеттілігіне қол жеткізу;<br>Кедейліктің аймақтық, гендерлік, жас ерекшеліктері және басқа да ерекшеліктерін есепке алу;<br>Көмек беруде әлеуметтік әділдікті және атаулылықты қамтамасыз ету. |

| | |
|---|---|
| Қаржыландыру көздері: | Атырау облысында кедейлікті төмендету жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны қаржыландыру көздері жергілікті бюджет қаржысы, гранттар және халықаралық ұйымдардың несиелері болып табылады. |
| Облыстық кедейлік бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер: | Облыстық бағдарламаны іске асыру шараларының нәтижесінде масштабын 2005 жылы 2002 жылғы деңгейдің үштен біріне қысқарту, жұмыссыздық деңгейін 2002 жылғы 6,0 пайыздан 2005 жылдың аяғына 4,0 пайызға дейін төмендету, туберкулезден өлу деңгейін 2003 жылғы 100 мың тұрғынға 28,5-тен 2005 жылы 27,5-ке дейін , 2003 жылы сәбилер өлімін әрбір 1000 тірі туған балаға 19,5-дан 2005 жылы 19,0-ге дейін, 2003 жылы әрбір 100 мың тірі туған нәрестеге 69,2 аналар өлімі деңгейін 2005 жылы 61,0-ге дейін төмендету. |
| Жүзеге асыру мерзімі | 2003-2005 жылдар. |

## 2. Кіріспе

Осы облыстық бағдарлама кедейлік деңгейін төмендету мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссия мәжілісінің 2002 жылғы 6 наурыздағы №№И-295 хаттамасына сәйкес әзірленді.

Облыстық бағдарламаны жасау қажеттілігіне макроэкономикалық көрсеткіштердің оң динамикасына қарамастан, Атырау облысында кедейліктің елеулі деңгейі себепші болып отыр. Мысалы, 2002 жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы бойынша, табысы өмір сүру шегінен төмен халықтың бөлігі - барлық халықтың 43,1 пайызын құрайды.

Халықтың кедей бөлігі аз қамтылғандар деп есептелетін - жалғызбасты азаматтармен де толыға бастады. Кедейліктің әлеуметтік құрылымы өзгерді.

Кедейліктің өсуіне әкеліп соғатын негізгі экономикалық және әлеуметтік жағдайлар :

еңбек рыногында жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынымның тепе-теңсіздігі;

еңбек ақының, зейнетақы мен жәрдемақының аз мөлшері;

халықтың асыранды болуы, оның еңбекке орналасу мүмкіндігі туралы нашар хабардар болуы;

тегін медициналық көмек алуға қол жеткізушілігінің азаюы;

Облыстық бағдарламаға енгізілген кедейлікті төмендетудің негізгі жолдары халықтың кедейлігінің көп аспектілі себебін ескереді және қамтамасыз ету тұрғысынан кедейлік проблемасын шешуді қарастыратын басқа аймақтардың іс тәжірибесі негізінде оны төмендетудің тиісті тәсілдерін болжайды:

экономикалық өсу;

жұмыспен қамту және жұмыссыздық деңгейін төмендету;

атаулы әлеуметтік көмектер;

кедейлер үшін базалық білім, алғашқы медициналық көмек, тұрғын үй және коммуналдық қызметтер, соның ішінде ауыз су, транспорттық инфрақұрылымдардың қол жеткізілімділігі;

бюджеттік бағдарламаларға әкімшілік ету тиімділігі; кедейлердің түрлі шешімдерді қабылдауға қатысуы, ақпараттарға қол жеткізуді.

Бұдан басқа, облыстық бағдарлама кедейліктің гендерлік аспектілерін, қоршаған ортаның адам өмірі деңгейіне және аз қамтылған азаматтардың қоршаған ортаға әсерін, кедейліктің аймақтық ерекшеліктерін ескереді, сонымен қатар ауылдық аудандардағы кедейлікті есепке алады.

Кедейлік мәселелерін шешу үшін барлық қоғам институттарының: атқарушы органдардың, жеке секторлардың, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың белсенді қатысып және өзара бірігіп жұмыс жасауы ұсынылады.

Облыс әкімінің 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 436 шешімімен және облыстық мәслихат сессиясының Қаулысымен бекітілген кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2003 жылдарға арналған бағдарлама облыстағы кедейлікті төмендетуге бағытталған алғашқы бағдарламалық құжат болып табылады.

Бұл бағдарлама кедейлікпен күресу шаралары негізінен жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізуге және аз қамтылған азаматтарға, алдымен еңбекке жарамсыз және халықтың еңбек рыногында осал санаттарына атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған, облыс халқының сол даму кезеңі үшін ерекшеленетін проблемалары мен басымдылықтарды есепке ала отырып дайындалған.

Бағдарламаны дайындау кезеңінде қалыптасқан экономикалық жағдайға байланысты онда халықтың кедейлік деңгейіне әсер ететін, экология, денсаулық сақтау, білім беру сияқты басқа да ілеспе факторлар кешенін енгізу қаралған жоқ.

## 3. Атырау облысында кедейліктің қазіргі жағдайларына талдау

### 3.1. Атырау облысында кедейлік деңгейін анықтау және өлшеу

#### 3.1.1. Кедейлік деңгейін бағалау түсінігі және индикаторлары

Кедейлік - халықтың белгілі бір санаттары бірінші кезекті физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруда қиындықтарды бастан кешіретін және қоғам өміріне толықтай қатысу мүмкіндігінен айрылатын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Халықтық табыстары және мемлекет кепілдік беретін әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу мүмкіндігі бойынша кедейлікті өлшеудің өлшемдері мен индикаторлары бар.

Табыстары бойынша негізгі өлшемдер ең төменгі күнкөріс деңгейі мен кедейлік шегі.

Ең төменгі күнкөріс деңгейі кедейлік деңгейін анықтауға негіз болады және ең төменгі тұтыну қоржынының негізінде есептеліп, оған 70 пайыз азық-түлік және 30 пайыз азық-түлік емес тауарлар мен қызметтер кіреді.

Нормативтік құқықтық актімен белгіленген кедейлік шегі 2001 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 38 пайызын, ал 2002 жылы 40 пайызын құрады.

Алайда, тұтыну қоржыны аз қамтылғандар бюджет шығынының көп бөлігін құрайтын коммуналдық қызметтер мен көлік шығындарына толықтай қамтылып көрсетпейді.

Табыстары бойынша кедейлік индикаторлары - бұл халықтың күнкөріс деңгейінен төмен жағдайда өмір сүретін бөлігі және кедейліктің өткірлігі және алшақтығы. Табыстары бойынша емес базалық әлеуметтік игіліктер мен қызметтерге қол жетудің ең төменгі деңгейі - кедейлікті бағалаудың негізгі өлшемдері. Кедейлер үшін әлеуметтік инфрақұрылымдарға қол жеткізушіліктің жанама индикаторлары денсаулығы, сауаттылығы және білімділігі, алдағы өмірдің орташа ұзақтығы, әлеуметтік бейімсіздігі бойынша көрсеткіштер (торығу, маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік, қылмыскерлік) болып табылады.

### 3.1.2. Атырау облысындағы кедейлік кескіні

2002 жылғы Атырау облысындағы кедейлік кескіні төмендегі мәліметтермен сипатталады:

Үшінші тоқсанда халықтың 43,1 пайызының табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінен төмен болды;

Кедейлер география бойынша шалғай ауылдық аудандарда шоғырланған. Ауылдық жерде 2002 жылдың үшінші тоқсанында халықтың кедей бөлігі орта есеппен тұрғындардың 28 пайызын құрады, ал Индер ауданында - 31,0 пайыз, Қызылқоғада-30,0%, Құрманғазы ауданында 28,0%, Махамбетте - 21,0%, Исатай ауданында - 20% құрады.

Облыс бойынша тұтастай алғанда жалпы жұмыссыздық деңгейі үстіміздегі жылдың 1 қазанында 9,2% құрады, ал ресми тіркелген жұмыссыздық деңгейі - 7,8%.

Туберкулезбен аурушылық 1996 жылмен салыстырғанда 2001 жылы 33,5 пайызға өсіп, 100 мың адамға 267,8% құрады (1996 жылы 178,0).

Бүгінгі күні жүкті аналардың шамамен 67,8% анемиямен азап шегуде.

Кедей үй шаруашылықтарының шамамен 40% көп балалы отбасыларынан (18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп балалары бар) тұрады, отбасы көлемінің ұлғаюымен кедейлік қатері өседі.

Халықтың басым көпшілігінің сапалы ауыз суға қолдары жетпей отыр, көптеген адамдар кері кетушіліктен және қоршаған ортаның ыластануынан жапа шегуде.

### 3.1.3. Кедейлік портреті

Экономикалық және әлеуметтік саясат саласында қабылданған шараларға қарамастан, әлеуметтік саланы қаржыландыруды жақсарту жалпы тұтас кедейлікті төмендетуге мүмкіндік берсе де, кедейлік шырмауындағы адамдарға көмекке бағытталған айрықша шаралар қабылдау қажет. Бұл топтағы адамдарға қатысты іс-әрекеттер олардың ауыр жағдайларына байланысты басымдылыққа ие болуы керек.

Атырау облысындағы кедейлердің мақсатты топтарына кіретіндер:

оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастар (тәуекелділік тобы);

балалар мен көп балалы отбасылар;

ұзақ уақыт жұмыс жасамайтындар, зейнеткерлік жасқа тақалған адамдар;

жалғызілікті егде адамдар;

мүгедектер;

маргиналды топтар - баспанасы жоқ пенитенциарлық жүйе мекемелерінен босатылғандар.

Халықтың экономикалық белсенді емес тобының үлкен бөлігін (29,5%) және жұмыссыз халықтың біршама бөлігін (24,7%) жастар (16-23 жастағы) құрайды. Оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастар ерекше тәуекелділік топқа жатады.

Өз бетімен жағдайын жақсартуға балалар аз мүмкіншілікке ие. Кедейлік жағдайдағы балаларға қатысты әрекетсіздік болашақта кедейлік масштабының өсуіне мультипликативтік әсерін әкеліп соғуы ықтимал. Талдау көрсеткендей, көп балалы отбасылары негізінен ауылдық жерлерде, Құрманғазы, Қызылқоға және Индер аудандарында шоғырланған.

Ұзақ жұмыссыздық еңбек рыногының қажеттілігінде жұмыс күшінің белгілі бір бөлігінің жас ерекшеліктері біліктілік, психологиялық параметрлерінің сәйкес келмеуінен өз бетінше жұмыспен қамтылу мүмкіндігінің, бастапқы капиталдың немесе қажетті дағдының жеткіліксіздігінен қосалқы шаруашылықты немесе шағын бизнесті жүргізу мүмкіндігінің болмауымен байланысты. Жалғызбасты егде тартқан адамдардың проблемалары олардың коммуналдық қызметтерге, емделуге, тағы басқа шығындардың әлі келмейтін мөлшерге дейін өсуінен тұрады.

Мүгедектер арасындағы кедейлік қатері ол адамдардың шектелген мүмкіндіктеріне байланысты барынша жоғары болып отыр. Маргиналды топтарға жататын адамдардың сандарын бағалау мүмкіндігі болмай отыр. Қоғамның белсенді мүшесі ретінде бұл адамдардан айрылу айрықша алаңдаушылық тудырып отыр. Халықтың маргиналды топтары халықтың басқа топтарына келеңсіз әсер ету қабілетінің болуына байланысты қадағалай назар аударуды талап етеді.

Қылмыстың өсуі, әсіресе жеке мүлікті ұрлау кедейліктің негізгі теріс әсері болып табылады. Халықтың аз табысты топтарының арасында заңсыз табыс табуға итермелейтін жалпы қылмыс кең таралды. Маскүнемдіктің және есірткіге тәуелділіктің өсуі де кедейліктің келеңсіз заңсыз табыс табуға итермелеп нәтижесі болып табылады. Өмір сүруге қажетті қаражаттың болмауы, ең ауыр нысандары: маскүнемдік пен нашақорлық болып табылатын әумесерлік мінез-құлыққа алып келеді. Қазіргі кезде медициналық емес мақсаттарға есірткі заттарын пайдаланушы ретінде 719 адам, 569 адам нашақор диагнозымен есепте тұр, олардың ішінде кәмелетке толмағандар - 3, әйелдер - 28, жұмыссыз және оқымайтын жастар - 627. Бүгінгі күні қоғамның осал жіктеріне бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар да жатады. Олар еңбек және тұрмыстық жайластыруда шұғыл көмек көрсетуді қажет етеді, себебі олардың басым көпшілігі еркіндікке шыққаннан кейін кедейлік шегінде ең төмен жағдайда өмір сүруге мәжбүр болуда. Күні бүгін Атырау облысында әлеуметтік қорғау, соның ішінде қоғамның маргиналдық жіктеріне жататын адамдарды еңбек және әлеуметтік бейімдеу жөнінде алынып отырған шаралар жеткіліксіз.

Облыста қазіргі кезде белгілі тұрағы жоқ адамдардың әлеуметтік бейімдеу орталығы жұмыс жасайды. Ашылған кезінен бастап әлеуметтік бейімделуден 235 адам, соның ішінде 74 бұрын сотталған адам өтті.

## 3.2. Кедейлік деңгейін бағалау

### 3.2.1. Экономикалық даму және кедейлік деңгейі

#### 3.2.1.1. Экономикалық өсу және кедейлік

Экономиканың дамуы - кедейлікпен тиімді күрес үшін маңызды шарт болып табылады. Атырау облысы экономикасының көрсеткіштері соңғы жылдарда экономиканың тұрақты өсіп келе жатқанына дәлел болады. 1998-2001 жылдар аралығындағы жалпы аймақтық өнімнің нақты өсуі 65,2 пайыз құрады, бұл орта есеппен 16,3 пайыз құрайды. 2001 жылы өнеркәсіпте өндірілген өнімнің көлемі 436,2 млрд.теңге және 2002 жылдың 10 айында 395,0 млрд.теңге құрады, өндіріс көлемінің өсуі 16,8 пайыз және 6,23 пайыз болды.

Ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі ағымдағы бағамен 2001 жылы 5116,0 млн.теңгеге орындалды, бұл 2000 жыл деңгейінен 6,0 пайызға аз, 2002 жылдың қаңтар-қазан айларында 4,3 млн.теңгеге орындалды, немесе өткен жылдың тиісті кезеңіне 100,6 пайыз.

Мал басының тұрақты өсу үрдісі байқалады. Кәсіпорындар мен ұйымдардың инвестициялық белсенділігі артты.

2001 жылы негізгі капиталға инвестиция көлемі 231,6 млрд.теңге құрады, бұл 2000 жылдан салыстырмалы бағадан тиісті кезеңіне 79,4 пайызға жоғары.

Меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындар мен ұйымдарға 2001 жылы 116,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, 2002 жылдың 10 айында 108,6 мың шаршы метр тұрғын үй берілді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өндірген өнімдерінің, жасаған жұмыстарының және көрсеткен қызметтерінің көлемі 17395,3 млн.теңге құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 2,5 есе көп, 2002 жылдың қаңтар-тамыз айларында - 20710,2 млн.теңге немесе 2001 жылдың сәйкес кезеңіне 108,0 пайыз құрайды.

Облыс бюджеті 2001 жылы кіріс бойынша 103,7 пайызға орындалды немесе қосымша 1713,5 млн.теңге түсті. Жергілікті бюджеттің кіріс бөлігінің орындалуын барлық аудандар, қала және облыстық бюджет қамтамасыз етті. Облыстық бюджеттің болжамын 33930,7 млн. теңгенің орнына 35442,2 млн.теңге түсті, немесе 104,5 пайыз. Халықтың табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен бөлігінің үлесі сияқты көрсеткіш өмір сүру деңгейінің тұрақты жақсаруының байқалмай отырғанын дәлелдеп отыр.

#### 3.2.1.2. Жұмыспен қамтылу және жұмыссыздық

Жұмыспен қамтылу және соған сәйкес табыс табу-тамақтану, денсаулық, білім алу, халық санын арттыруы сияқты өмір сүру деңгейінің құрамдас бөлігіне тікелей әсер етеді.

Жұмыспен қамтылудың төменгі деңгейде болуы кедейліктің негізгі себебі болып отыр. Жұмыссыздық бүгінгі күнгі еңбек рыногындағы аса аурулы проблема болып тұр. Өзіндік әлеуметтік индикатор бола отырып, оған экономикалық және психологиялық қиындықтар ілесе жүреді.

Халықтың экономикалық белсенді бөлігі 2001 жылы 203,4 мың адам құрады, соның ішінде жалдама қызметкерлер 137,4 мың адам, өздігінен жұмыспен қамтылғандар - 40,2 мың, жұмыссыздар - 25,8 мың, еңбекке белсенді емес халық - 89,6 мың адам. 2002 жылдың үшінші тоқсанында халықтың экономикалық белсенді бөлігі 209,5 мың адам құрады. Жұмыспен қамтылған халық 190,1 мың адам болып, соның ішінде жалдама қызметкерлер 147,9 мың адам, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар - 42,2 мың адам болды.

Еңбек рыногын тоқсан сайынғы талдау нәтижесі бойынша жұмыссыздардың басым бөлігін 16-дан 24 жасқа дейінгі (26,8%) жастар, 24 жастан асқандар - 73,2% құрайды. 2002 жылдың үшінші тоқсанында халықтың экономикалық белсенді бөлігінің жұмыссыздық деңгейі 7,8% құрап, Атырау қаласында 4,2 пайыздан Индер ауданында 16,9 пайызға дейін өзгеріп тұрды.

Ұзақ жұмыссыздық белгілері күшеюде. 2002 жылдың үшінші тоқсанында жұмысқа орналасу мәселесі бойынша жолыққан жұмыссыздардың әрбір екіншісі бір жылдан астам уақыт бойы жұмыс іздеп жүрді, бұл экономикалық белсенді халықтың 4,9 пайызы. Жұмысқа орналасарда қойылатын біліктілік талаптары күрделене түсуде, бұл жұмыс тәжірибесі және біліктілік деңгейі төмен жас адамдардың жұмысқа орналасу мүмкіндігін төмендетеді.

Жұмыс орындарының тапшылығы жағдайында еңбек рыногында төмен мәртебеге ие болып отырған мүгедектердің жұмыспен қамтылу проблемасы шиеленісе түсуде.

Облыстың еңбек рыногындағы жағдайға жұмыс күшінің біліктілік-кәсіби құрылымының сұранысы мен ұсынысының сәйкес келмеуі үлкен әсер етіп отыр.

Сонымен қатар, кейбір жекелеген мамандықтар бойынша жоғары және орта кәсіби білімді жұмыссыздар құрамы сұранысқа ие бола алмай отыр. Тіркелген жұмыссыздардың 70% жалпы орта білімді, әрбір төртіншісі - орта кәсіби, жоғары білімді адамдар, 3,1%.

Облыстағы еңбек рыногына әсер ететін проблеманың бірі астыртын еңбек миграциясы болып отыр. Көптеген жағдайларда астыртын еңбек мигранттары төмен білікті арзаншылығынан, жұмыс күшінің қажеттілігіне байланысты жалданады. Бұл еңбек рыногындағы адал емес бәсекелестікпен бетпе-бет қалуға мәжбүр болып отырған жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуына әсер етіп, бейресми сектордың және заңсыз жалдаудың кеңейтілуіне әкеліп соғады.

Әйел және ер адамдардың жұмыспен қамтылуындағы айырмашылық, оларға еңбек ақы төлеудегі алшақтық, еңбек рыногындағы бәсекелестікке түсу, қабылеті әйел адамдардың кедейлігіне әсер ететін факторлар болып табылады. Әйел адамдар, әдетте төмен еңбек ақы төлеу секторларында шоғырланған (денсаулық сақтау, білім беру,

әлеуметтік қызмет көрсету, мәдениет салаларында). Жұмысқа алу кезінде жынысына және жасына қарай алалау зейнеткерлік жасқа жақындаған адамдарды, әсіресе әйелдердің мүшкіл жағдайларын тереңдете түсуде. Әйел адамдар жұмысқа орналасқан кезде жұмыс берушілердің ер адамдарды жалдауға басымдылық беруіне жиі кездеседі. Бір қызметкердің еңбек ақысы 2001 жылы 34489 теңгені құрап, 2000 жылмен салыстырғанда 20,8 пайызға өссе, 2002 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 39817 теңге (2001 жылдың сәйкес кезеңіне 114,4 пайыз) болды. Нақты жалақы деңгейі 2001 жылы 103% құрады, 2002 жылдың қаңтар-қыркүйегінде - 105,7 пайыз құрады.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық еңбек ақысын талдау көрсеткендей, экономиканың барлық салаларында еңбек ақының өсуі байқалады. Орта еңбек ақы деңгейін экономика салаларында саралауда да, мысалы: өнеркәсіп кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы еңбек ақы төлеудегі едәуір алшақтық 10,1 есе, әлеуметтік салада (білім беру, денсаулық сақтау және мемлекеттік басқару) - 5,6 есе болды.

### 3.2.1.3. Шағын бизнес

Шағын бизнес жұмыссыздық пен кедейлік проблемаларын шешу шеңберінде халықтың әртүрлі санаттарына, соның ішінде оның әлеуметтік осал жіктеріне - жұмыссыздарға, мүгедектерге, жалғыз басты аналарға, зейнеткерлерге, оралмандарға, босқындарға және басқаларға көмек көрсетуге және жұмыс орындарын беруге ықпал етеді. Шағын бизнестің тұрақты қызметі мемлекеттік бюджетке салық түсімінің ұлғаюын және соған сәйкес облыстың әлеуметтік қажеттілігіне жұмсалатын шығындардың өсуін қамтамасыз етеді.

2002 жылдың 1 қаңтарына шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 12745 бірлік ( 2001 жылдың осы кезеңінде 108,2%), 2002 жылдың 1 қарашасында - 10142 бірлік (2001 жылдың тиісті кезеңінде 114,1%), оларда жұмыс жасайтындар 26,0 мың адам (2001 жылдың осы кезеңінде 100,3%).

Бірақ, бүгінгі күні халықтың кедей жігі қаржылары және жергілікті билік органдары тарапынан ұйымдастырушылық қолдау болмауы себептерінен шағын бизнеске қатысу деңгейі төмен болып отыр.

### 3.2.1.4. Қоғамдық жұмыстар

Қоғамдық жұмыстар еңбек рыногын реттеуде маңызды рөлі атқармаса да, кедейлерді әлеуметтік қолдау және жұмыссыздық деңгейінің шамадан тыс өсуі кезеңінде еңбек рыногындағы шиеленісті жағдайды бәсеңсіту қызметін атқарады.

2001 жылмен салыстырғанда 2002 жылы қоғамдық жұмыстарға тартылған жұмыссыздар саны 1500 адамға артты. Жыл сайын ақылы қоғамдық жұмыстарда жасайтын жұмыссыздар саны өсуде, себебі бос жұмыс орындарының тапшылығы жағдайында ақылы қоғамдық жұмыстар көпшілік жұмыссыздар үшін уақытша табыс табу және уақытша еңбекке орналасудың жалғыз ғана мүмкіндігі болып табылады.

2002 жылы қатысушылар саны бойынша ақылы қоғамдық жұмыстардың басым

көпшілігі қаланы және аудандардағы елді мекендерді көгалдандыру және көркейту, сонымен қатар аумақтарды жинастыру болды. Онда қоғамдық жұмыстарға қатысқан жұмыссыздардың жалпы санының 24 пайыздан астамы қатысты.

2002 жылы қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру тек қана облыстық бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылды. Жұмыссыздардың еңбек ақысы жұмыстың күрделілігіне байланысты ең төменгі еңбек ақының 1,0-1,5 мөлшерінде белгіленді. Алайда, еңбекақының төмен деңгейі жылына ең кем дегенде 2 ай орташа еңбек ұзақтығы, сонымен қатар көпшілік жағдайда адамды тартпайтын ауыр дене еңбегі, жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстарға қатысудан бас тартуының негізгі себептері болып отыр. Сондықтан тек аса мұқтаж жұмыссыздар ғана қоғамдық жұмыстарға қатысуға келісім береді.

### 3.2.1.5. Кәсіби даярлау және қайта даярлау

Облыстағы жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілік деңгейін көтеру жұмыссыздардың еңбек рыногында бәсекелестік мүмкіндіктерін жоғарылатуға бағытталған.

Жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органдардың облыстың еңбек рыногындағы мамандықтар бойынша жүргізген талдауы көрсеткендей, 2002 жылдың басына 25 мамандық бойынша еңбек рыногында кадрлар артығымен жеткілікті және сонымен қатар қажет мамандықтар саны 30-дан асады.

2002 жылы кәсіби оқу курсынан өткен және дайындықтан өткен жұмыссыздардың үлес салмағы тіркелген жұмыссыздардың санының тек қана 10 пайызы шамасында болады.

Еңбек рыногындағы жағдайды және әлемдік стандарттарға сәйкес өндірісті ұйымдастыруға, жаңа технология мен жабдықтарды енгізуді қамтамасыз етуге қабілетті жоғары білікті мамандардың тапшылығын ескере отырып, облыс аумағында жұмыс жасайтын бірқатар фирмалар жергілікті кадрлардан мамандарды даярлау және қайта даярлау курстарын ұйымдастыруда.

Оқу орындарының елді-мекендерден шалғайлылығы, көлік қатынасының нашарлығы ауылдық жерлерден қайта оқытылғандардың үлесі 2002 жылы барлық оқытылғандардың 16,0 пайызын құрады. Еңбек ресурстарын толықтыратын бірден-бір көзі жастар болуына қарамастан, оқытылған жастардың санының төмендеуі байқалады.

Облыста кәсіби оқуды ұйымдастыру мақсатында барынша жоғары дәрежеде мемлекеттік кәсіби мектептер (лицейлер), сонымен қатар мемлекеттік емес оқу орындары пайдаланылады. "ШевронмұнайИнк" компаниясы қаржыландыратын "Мирас" оқу орталығы ("Амантас" ЖШС) жұмысқа кірісті.

2002 жылдың маусым айында құрылыс мамандары жұмысшыларын кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілік деңгейін көтеруге арналған облыстық Оқу Орталығының ашылу рәсімі болып өтті.

Осы жылдың қыркүйек айында "Теңізшевройл" ЖШС-нің шикігазды айдау және екінші кезең зауытының құрылысы жобаларын жүзеге асыруға қажет мамандарды даярлау үшін "ПФД" компаниясының Оқу Орталығы ашылды. Осы Оқу Орталығында 2002-2005 жылдары 5000-ға дейін қазақстандық мамандар кәсіби дайындықтан өтеді деп есептелуде.

**3.2.1.6. Шағын қаржыландыру**

Аз қамтылған еңбекке қабілетті азаматтарды гранттар және шағын несие беру арқылы шағын қаржыландыру олардың өзін-өзі жұмыспен қамтылуына қамтамасыз етуге және олардың материалдық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Бірақ шағын қаржыландыру жүйесі облыста таралмай қалды және төмендегі бірқатар кемшіліктерге байланысты күтілген нәтиже бере алмады:

шағын несие беретін ұйымдардың қызметі жөніндегі айқын нормативтік-құқылық базасының болмауы;

қарызға алған қаржыны қайтару тетігінің болмауы;

берілген шағын қаржыларды кедейлердің тиімді пайдалану тәжірибесінің болмауы;

Шағын несие беру пилоттық орталығы 1999 жылдан бастап 2001 жылдың мамыр айына дейін негізінен қала мен аудан орталықтарының базарларында сауда жасайтын тұрғындарына несие беруді жүзеге асырды.

2001 жылдың мамыр айынан бастап қалалық шағын және орта бизнесті қолдау бөлімінің бастамасымен Атырау қаласының селолық округтары тұрғындарына несие беру басталды. Талап өзгерді: қала үшін 5 адамның міндетті бірігуінің орнына 3 адам бірігуіне рұқсат берілді.

2001 жылдың мамыр айында шағын несиелеудің негізгі қағидаларын таныстыру мақсатында ауылдық округ әкімдерімен семинар кеңес өткізілді.

Өткен кезең ішінде ауылдық округтерде кепілдіксіз 100 доллардан 500 долларға дейін несие беру кеңінен тарады, ол бұрынғы мемлекеттік шағын несие беру (400 доллар) жүйесін алмастырды.

Орталыққа тапсырыс берушілер негізінен жұмыссыздар және тұрмыстық жағдайы төмен адамдар болып табылады.

2001-2002 жылдары Атырау қаласы бойынша 4000-нан астам адам жалпы сомасы 1438550 АҚШ доллары 100-ден 500 доллар аралығында 4900 несие алды. Қазіргі уақытта 900-дей адам Орталық мамандарымен біріге отырып өз жобаларын жүзеге асыру мақсатында жұмыстануда.

**3.2.2. Әлеуметтік сала**

**3.2.2.1. Демография және көші-қон**

Көші-қон халықтың аумақтық орналасуын және сандық өзгерісін іске асыратын факторлардың бірі болып табылады. Көші-қон ағынының қарқыны әлеуметтік, экономикалық, саяси, экологиялық және басқа факторларға байланысты өзгеріп тұрады .

2001 жылы облыс бойынша көшіп-қонушылар саны 9156 адамнан асты, немесе 2000 жыл деңгейінің 112,7 пайызын құрады. 2000 жылмен салыстырғанда, облысқа келгендер саны 16,5 пайызға, кеткендер саны 9,2 пайызға өсті.

Аймақтың демографиялық жағдайына көшіп-қонушылардың жас деңгейі елеулі әсер етеді.

Мысалы, әрбір еңбек етуге қабілетті жастағы көшіп келушіге орта есеппен сол жастағы еңбекке жарамды көшіп кетуші келеді, еңбекке қабілетті жасқа жетпеген 1 адамға сәйкес 1,1 еңбекке қабілетті жастан асып кеткен 1 адамға 2,4 адам келеді. Еңбекке қабілетті жастағы азаматтар көшіп келушілердің жалпы саны 77% (7050 адам), еңбек жасына жетпегендер 18,2% (1663 адам), еңбек жасынан асып кеткендер 4,8% ( 443 адам).

Гендерлік белгі бойынша облысқа келгендердің 48,5 пайызы әйелдер, кеткендер арасындағы әйелдер 51,3 пайыз.

Бір мезгілде көші-қон және табиғи өсіммен ерекшеленетін аумақтар болып табылатындар: Жылыой, Құрманғазы аудандары. Көшіп кетушілер есебінен облыс тұрғындарының азаюы халықтың табиғи өсуімен толықтай қалпына келуде.

### 3.2.2.2. Халықтың денсаулық сақтау қызметтерімен қамтамасыздығы

Облыс халқына медициналық көмек 40 медициналық мекеме (мемлекеттік-34, ведомстволық және жеке меншік-6), 68 амбулаторлық-емханалық мекемелермен, соның ішінде стоматологиялық мекемелер (мемлекеттік - 50, жеке меншік - 18), 20 фельдшерлік-амбулаториялық пункттер (жеке меншік жоқ), 46 фельдшерлік пункттер ( мемлекеттік - 44, жеке меншік - 2), 66 ОМҚ (бөлмесіз орта медициналық қызметкерлер) , (мемлекеттік - 65, жеке меншік - 1), 10 санитарлық-эпидемиологиялық станса, 2 туберкулезге қарсы патологоанатомиялық бюро, облыстық қан құю орталығы, СПИД-ке қарсы күрес орталығы, қалалық жедел жәрдем стансасы, аумақтық апат медицинасы орталығы, салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау орталығы, медициналық колледж, обаға қарсы күрес стансасы, мемлекеттік емес сектордағы медициналық ұйымдары арқылы жүзеге асырылады.

2001 жылы халықты мамандандырылған дәрігерлік көмекпен қамтамасыз ету мақсатында Атырау қаласындағы және аудан орталықтарындағы отбасылық дәрігерлік амбулаторияларды қайта құру арқылы құрамында әйелдер консультациялары мен балалар бөлімдері бар 5 қалалық және 3 аудандық емхана ұйымдастырылып, олардың ауылдық жерлердегі отбасылық амбулаториялар сақталып қалды.

2002 жылдың 10 айында Денсаулық жылы шеңберінде ауыл тұрғындары мен мектеп оқушыларын дәрігерлік тексеруден өткізу нәтижесінде қан және қан айналу жүйесі органдарының ауруы, жүйке аурулары, жарақат алу және улану есебінен аурулық үрдісінің 10,2 есе өсуі байқалады.

Туберкулезбен ауыру биылғы жылы белгілі бір дәрежеде төмендеп, өткен жылғы осындай кезеңдегі 179,3-тен 167,4-ке түсті. Өлім деңгейі өткен жылғы 19,7 (абс-88)-ден

21,0 (абс-94) құрады.

Денсаулық жылын өткізу шаралар жоспары бойынша медициналық тексеруден 12-18 жастағы 57446 оқушы өтуі тиісті, тексеру 100 пайызға қамтылды.

Медициналық тексеруден 18 жастан асқан ауыл тұрғындарының 106412 адам өтуі тиісті, оның 103021 адам (96,8%) тексеруден өтті, аурулығы анықталғандар 31835 адам (30,9%), диспансерлік есепке алынғандар - 20828, соның ішінде жаңадан алынғандар - 4371.

Облыстағы эпидемиологиялық жағдай тұтастай алғанда тұрақты. Аса қауіпті-карантиндік жұқпалы аурулар (оба, тырысқақ) қылау, ішсүзек сияқты аурулар тіркелген жоқ.

### 3.2.2.3. Білім алуға қол жетімділік

Облыс бойынша 201 мектеп жұмыс жасайды, онда 114733 оқушы оқиды. Мектептер түрлеріне қарай 194 жалпы білім беру мектебі, 4 арнайы мектеп, 3 кешкі мектеп, 3 жеке мектеп болып бөлінеді. 115 жалпы білім беру мектебі ауылдық жерлерде орналасқан. Жаңа оқу жылында ауылдық мектептер саны бұрынғы деңгейде қалды, ал оларда оқитын оқушылар саны 316 адамға өсіп, 47998 адамды құрады. Интернаттық мекемелер және мектеп жанындағы интернаттар саны 36, олардың 4-і арнайы, 6-ы жалпы типті, 25-і мектеп жанындағы интернат. Жоғарыда аталған интернаттарда 49641 оқушы тәрбиеленуде.

Аз қамтылған отбасыларының мектеп жасындағы балаларын толық қамту үшін 24000 балаға аяқ киім, киім және оқу құралдары түрінде жалпы сомасы 14290 мың теңгенің материалдық көмегі көрсетілді.

2002 жылы міндетті оқу қорына 29570 мың теңге қаралды. Оның 20409 мың теңгесі, яғни 63,7 пайызы, 787 оқушыны тегін тамақпен қамтамасыз ету, 7012 оқушыға материалдық көмек көрсету үшін және 800,0 мың теңгесі 31 оқушының жазғы демалысы үшін бөлінді.

Облыс әкімінің 2000 жылғы 14 маусымдағы №№490 шешімімен үйлерінен кетіп қалған және қасақана мектепке бармай жүрген мектеп жасындағы балалар үшін жалпы білім беру мектеп-интернаты ашылды. Бұл мектеп-интернаттарда девианттық мінез-құлықпен 65 бала тәрбиеленуде. Аталған мектеп-интернат жыл бойы әлеуметтік өмірге және еңбекке бейімдеуді қажет ететін балалармен толықтырылып отырады.

2002-2003 оқу жылында облыстың 7 мектебінде 1049 бала үш ауысыммен оқиды. 2002-2003 оқу жылында 28 елді мекенде мектеп жоқ. Бұл елді мекендердің балалары интернаттарда жатып, туысқандарының үйлерінде тұрып оқып жатыр немесе оларды мектепке осы мақсатқа арнайы бөлінген автобустар тасиды.

Қалалық, аудандық білім беру бөлімдерінен келіп түскен мәліметтер бойынша 5340 мектеп бітірушінің 3820 (71,5 пайызы) жоғары және арнайы оқу орындарына түсті, 468 (8,7 пайызы) еңбекке орналасты, 1034 (19,3 пайызы) жұмысқа орналасқан жоқ.

### 3.2.2.4. Халықтың әлеуметтік осал жіктеріне мемлекеттік әлеуметтік көмек жүйесі

Қоғамның әлеуметтік жіктелуінің күшейе түсуі және денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және қоғамдық көлік салаларында тегін қызмет көрсету көлемінің қысқаруы халықтың әлеуметтік көмекке сұранысының өсуіне әкеліп соқтырды.

2000 жылдың аяғына кедейлер санаты мүгедектер, жалғыз басты аналар және көп балалы отбасыларынан басқа да балалар, жастар, зейнеткерлер, жұмыссыздар, панасыздар, қоныс аударушылар және босқындармен толыға бастады.

Облыс бойынша жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен болатын тұрғындар саны 2002 жылдың 1 қаңтарда 90,2 мың адам құрады. Бұған қоса зейнеткерлер үшін кедейлік жоғарылағаны туралы пікірдің көп таралуына қарамастан, әлеуметтік көмекке мұқтаждардың жалпы санының 57,7 пайызын балалар және 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер, 21,5% жұмыссыздар, 3,5% зейнеткерлер және 9,4% жұмыс жасайтын азаматтар құрады.

2002 жылдың 10 айында әлеуметтік көмекке (мемлекеттік арнаулы жәрдем ақыны қоспағанда) жергілікті бюджеттен 981,0 млн.теңге игерілді, оның ішінде атаулы әлеуметтік көмекке - 970,2 млн.теңге бөлінді.

Өтініш беруші азаматтардың нақты жиынтық табыстарын жасырулары нәтижесінде мұқтаж азаматтарды анықтау қазіргі кездегі өзекті мәселе болып отыр.

Әлеуметтік көмек беру өтініш беру қағидасына қарай жүзеге асырылады және оны алушылар саны әр уақытта табысы ең аз күн көріс деңгейінен төмен халықтың санына пара-пар келе бермейді. Халықты атаулы әлеуметтік көмекпен ең жоғары дәрежеде қамту халқының жалпы санының 20,3-нан 32,5-на дейін, көмек көрсетіліп жатқан Индер, Құрманғазы, Қызылқоға, Исатай аудандарында жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңын жүзеге асыру мемлекеттік көмектің тек қана аса мұқтаж азаматтарға көрсетілуіне мүмкіндік туғызуы қажет.

### 3.2.3. Кедейліктің инфрақұрылымдық аспектісі

Инфрақұрылымдар аумақтық шашыранды орналасу материалдық және ақпараттық ресурстардан алшақтық, қарым-қатынас құралдарының тапшылығы сияқты " кедейліктің табиғи себептерін" жеңуге мүмкіндік береді. Ол сонымен қатар азаматтардың экономикалық белсенділігіне, өмір салтының тұрақтылығына, сенімділікке ие болуына ықпал етіп, әлеуметтік сала рыногы мен қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

### 3.2.3.1. Халықтың тұрғын үймен және коммуналдық қызметтермен қамтамасыздығы

Тұрғын үй құрылысын дамыту және тұрғын үй рыногын қалыптастыру мақсатында үстіміздегі жылы әртүрлі қаржыландыру көздері есебінен жалпы бағасы 2500

млн.теңгенің тұрғын үй құрылысы басталды. 2002 жылы ипотекалық несие беру тетігін пайдалану арқылы тұрғын үй салу бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Үстіміздегі жылы 25,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 2002 жылы облыстық бюджет қаржысы есебінен ауылдық жерлерде жалпы бағасы 198,0 млн.теңгенің тұрғын үй құрылысы аяқталмақ. Атырау қаласында 1000,0 млн.теңге мөлшеріндегі республикалық бюджет трансферті есебінен жалпы көлемі 11320 шаршы метр тұрғын үй салынбақ. 2002 жылы меншіктің барлық түріндегі ұйымдар мен кәсіпорындардың қатысуымен 142,4 шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру көзделіп отыр.

2002 жылы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтерінің тарифтерін көтеру жөнінде 16 өтініш түсті. Тарифты көтерудің негізділігіне талдау жасалғаннан кейін барлық өтініштер қабыл алынбады. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тарифтерді төмендету мақсатында ашық тендерлер өткізу арқылы табиғи монополиялар субъектілерінің материалдық және қаржылық ресурстары сатып алуларына бақылау күшейтілді. Баға құрамына белгіленген тәртіппен өткізілген тендерлер нәтижесі бойынша анықталған шикізат пен материалдарды алуға жұмсалған шығындар кіреді.

### 3.2.3.2. Халықты сумен, соның ішінде таза ауыз суымен қамтамасыз ету

Сумен қамтамасыз етілу деңгейі кедейлік индикаторының бірі болып табылады. Атырау облысында халықты сумен қамтамасыз ету проблемасы қанағаттанғысыз жағдайда қалып отыр. Халықтың аурулық деңгейі ауыз сумен қамтамасыз ету жағдайының нашарлауына да байланысты болып отыр. Атырау облысы елді мекендеріндегі эпидемиологиялық жағдай шиеленісті жағдайда қалып отыр. Жыл сайын халықтың өткір ішек инфекцияларымен, вирустық гепатитпен көп мөлшерде ауыруы байқалуда. Ретроспективтік талдаулар және жергілікті жерлерде эпидемиялық жағдайларға тікелей араласулар көрсетіп отырғандай, инфекциялық аурулардың пайда болуының негізгі себептері - халықтың су құбырлары суымен қамтамасыз етілу деңгейінің төмендігі, халықтың ашық су қоймаларынан пайдаланатын үлес салмағының жоғарылығы, тағы басқалар болып табылады.

Облыстағы елді мекендердің 34 пайызы су құбырлары жүйесімен қамтамасыз етілмеген, 95 мыңнан астам адам тазартылмаған суды пайдалануда. Облыстағы 406 мың тұрғыны бар 79 елді мекеннің халқы жер үсті суларын пайдалануда, ал 34 мың тұрғыны бар 31 елді мекеннің халқы жер асты су көздерін пайдалануда.

Көптеген ауылдық елді мекендер де су көздерінен елеулі ара қашықтықта орналасқан. Шалғай аудандарда жер асты су көздері ауыз су ретінде пайдалануға жарамсыз.

Пайдаланылып отырған көптеген су құбырлары пайдалану мерзімінің ұзақтығына, су тазалау технологиясының ескіруіне, сапалы таза сумен қамтамасыз ете алмауына байланысты санитарлық талаптарға сай емес.

Облыс халқын сумен қамтамасыз ету, сонымен қатар берілетін судың сапасын жақсарту мақсатында 1999 жылдың 30 желтоқсанындағы облыс әкімінің №№303 шешімімен "2000-2002 жылдарда Атырау облысының елді мекендерін сумен қамтамасыз ету Бағдарламасы" бекітілген болатын. Аталған Бағдарламада облыстың 37 елді мекенінде су тазалайтын шағын қондырғылар орнату, кентішілік су құбырлары желілерін салу сияқты халықтың сумен қамтамасыз етілу жағдайын жақсартуға арналған бір қатар шаралар қарастырылды.

2001 жылы облыстық бюджет қаржысы есебінен 7 елді мекенде жалпы сомасы 422,23 млн. теңгенің су тазалау қондырғыларының құрылысы аяқталды.

Сонымен қатар 2001 жылы несие лимиті қаржысы есебінен облыстың 14472 адам тұратын 7 елді мекенінде 416,63 млн.теңгеге су тазалау қондырғыларын салу жұмысы басталды, олар 2002 жылдың ішінде пайдалануға берілуі тиіс.

2001 жылдың аяғында облыстық бюджет қаржысы есебінен жалпы сомасы 272,9 млн.теңгеге Индер, Махамбет, Құрманғазы аудандарының 10 елді мекенінде поселке ішілік су құбыры желілерін жобалау және салу жұмыстары басталды. Одан басқа 2002 жылы 1 млрд. теңге мөлшеріндегі республикалық трансферт есебінен тұрғындардың жалпы саны 12753 адам 8 елді мекен су тазалау қондырғыларын поселке ішілік 47,5 км су құбырларын және 10 елді мекенде ұзындығы 58,5 км поселке ішілік су құбырлары желісін салу басталды.

### 3.2.3.3. Халықты жолдармен, көлікпен, байланыс қызметтермен қамтамасыздандыру

Кедейлерді көлік қызметімен қамтамасыз етуді жақсартуда автомобиль жолдары мен автокөліктер басты рөлі атқарады.

Мемлекет кепілдік беріп отырған әлеуметтік қызмет түрлеріне қол жеткізу үшін аймақтың әрбір тұрғыны сапалы жолдардың болмауы себепті жолда бос уақыт өткізуі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып қалуда.

Халықтың төлем қабілеті бар бөлігінің азаюы көлік тасымалы маршруттарының азаюына және қалғандарының тығыздалуына әкеліп соқты. Облыс аудандарындағы халық аз қоныстанған жекелеген елді мекендер көлік тасымалынан қол үзіп, онда тұратын кедей халықтың жағдайы бұрынғыдан да қиындап кетті.

Жол саласында жинақталып қалған өзекті мәселелерді жүйелі шешу мақсатында " 2001-2005 жылдарға арналған жергілікті маңызды автомобиль жолдары және жасанды құрылғыларды салу және жөндеу бағдарламасы" жасалып бекітілді.

2002-2005 жылдары жергілікті маңызды жолдарды салу, жөндеу, күрделі жөндеу жұмыстарына (қысқы күтімді қосқанда) облыс бойынша 6485,5 млн.теңге бөлу жоспарланды.

### 3.2.4. Кедейліктің аймақтық және экономикалық аспектісі

#### 3.2.4.1. Кедейліктің аймақтық аспектісі

Кедейліктің таралуы бойынша облыс аумағында айтарлықтай аймақтық айырмашылықтар бар. Жоғары экономикалық көрсеткіштер кедей халықтың өмір жағдайының жақсаруына барлық уақытта бірдей ықпал ете бермейді.

Атырау облысы жан басына шаққандағы аймақтық жиынтық өнімі көрсеткіші жоғары бола тұра, кедей халықтың үлес салмағы тым жоғары. Қала халқына қарағанда, ауылдық жерлердегі халықтың арасында кедейлердің үлес салмағы анағұрлым жоғары. 2002 жылдың 1 қарашасындағы мәлімет бойынша кедей халықтың үлес салмағы ауылдық жерде 10,4%-ды құраған болса, қала халқының 4,0% құрап отыр. Сонымен қатар, облыс халқының арасында да ақшалай табыс деңгейі бойынша айтарлықтай айырмашылық бар. Мұнай өндіру саласындағы жоғары еңбек ақы мен ауыл шаруашылығындағы төмен еңбек ақының 18 есе айырмашылығы бар. Бұл мұнайлы Жылыой ауданы халқының табысы мен ауыл шаруашылығымен айналысатын Қызылқоға ауданы халқының табысын салыстырғанда айқын көрінеді. Бұл қаржы тиімді бөлінбесе, экономиканың дамуы халықтың жағдайының жақсаруына өздігінен кепіл бола алмайтынының айқын дәлелі. Аудандар кедейлік деңгейі бойынша да, жұмыспен қамтылу деңгейі бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Жұмыс күшіне қажеттіліктің азаюы көптеген жағдайда олардың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктеріне, құрылымдық қайта құру қарқынымен, өндірістің техникалық қайта жабдықталуы және басқа да көптеген факторларға байланысты.

### 3.2.4.2. Ауылдық жерлерде, оның ішінде тоқыраулы экономикалы жерлерде тұратын халықтар кедейлігі

Кедей халықтың негізгі бөлігі селолық жерлерде тұрады. Әсіресе аса ауыр жағдай әуел бастан өмір сүрудің қолайсыз экологиялық жағдайы барлық әлеуметтік параметрлер, орташа республикалық деңгейден орташа облыстық деңгейге дейін артта қалуға себеп болатын ауылдық жерлерде қалыптасқан.

Ауыл тұрғындарының орташа ақшалай табысы қала тұрғындарының табыстарына қарағанда екі есе төмен. Соңғы 5 жыл бойы ауылшаруашылығы қызметкерлерінің еңбек ақысы облыста ең төмендердің бірі болды. Еңбекке жарамды жастағы ауылдың әрбір бесінші тұрғыны жұмыспен қамту саласынан тысқары қалып келеді. Ауылда денсаулық сақтау, білім беру және базалық әлеуметтік қызметтеріне қол жеткізу күрделі жағдайда қалуда, ішкі жолдар, коммуникациялар жөндеуді қажет етеді, халықтың көші-қон қозғалысы күшейді. Ауылдардағы кедейліктің өршуіне ауыл шаруашылығының өндіріс құралдарын, энергоресурстар және басқа да материалдар жеткізіп тұратын делдал салаларға экономикалық тәуелділігі, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, оларды сақтау және тасымалдау саласының дамымауы, түсетін пайданың төмен болуына байланысты инвестиция салуға тартымсыз болуы әсер етеді.

### 3.2.4.3. Халық кедейлігінің экологиялық аспектісі

Қолайсыз экологиялық жағдай халықтың кедей жіктерінің өмірлеріне елеулі әсер етеді. Негізгі факторлар судың, ауаның ластануы, құнарлы жерлердің құмға айналуы. Сумен қамтамасыз ету және кедейлік проблемалары бір-бірімен тығыз байланысты.

Облыстың көптеген аудандарында халықтың қауіпсіз ауыз суға жеткілікті дәрежеде қолы жетпей отыр. Алдымен олар жұқпалы аурулар. Соңғы 2-3 жылда жұқпалы ішек ауруларының өсуі халықтың орталықтандырылған су және канализация жүйелерімен қамтамасыз етілу деңгейі төмен селолық аудандарда байқалды.

Санитарлық-экологиялық жағдайдың нашарлауы өз кезегінде халықтың еңбек және зияткерлік әлеуетін нашарлатады. Кедейлік халықтың табиғат ресурстарын еріксіз көп мөлшерде пайдалануына әкеліп соғады. Балық қорына және басқа да табиғат байлықтарына қатысты браконьерлік етек алуда.

Табиғи ортаның ластануы алдымен халық арасында аурушаңдықтың өсуіне әкеліп соғады. Еңбек рыногында сапасыз еңбек күші пайда бола бастады. Оған еңбектің төмен уәждемесі, әлсіз психологиялық бейімделу сипат береді.

### 3.2.5. Халықтың кедейлігін төмендетудегі қоғамдық институттардың рөлі

#### 3.2.5.1. Халықтың кедейлік деңгейін төмендетудегі мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі

Облыста бизнес үшін қаржылық және институционалдық инфрақұрылымдар құруға , соның ішінде кәсіпкерлік субъектілері үшін бәсекелестікті дамытуда салық инвестициялық климаты сияқты қолайлы жағдайлар жасалған. Сонымен қатар, бюджетті жоспарлауда халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің әлеуметтік даму ( денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыздандыру) саласымен қатар, қоғамдық инфрақұрылымдарды қалыптастыру (қоғамдық объектілер, жолдар салу, көлікпен қамтамасыз ету, қауіпсіздік, ақпарат және т.б. қол жеткізуге және сапасына кепілдік беру) және еңбекке жарамсыз азаматтардың мақсатты санаттарының осал топтарын, балаларды, қарттарды, мүгедектерді, көп балалы аналарды, уақытша еңбекке жарамсыздарды және тағы басқаларды тікелей әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету, қарттарды, тұрғын үйлері жоқ ауруларды қамқорлыққа алу жағдайлары қарастырылған.

#### 3.2.5.2. Кедейлікті төмендетудегі үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының рөлі

Атырау облысының кәсіподақтар федерациясы үкіметтік емес ұйымдары кедейлікті жеңуге тікелей немесе жанама бағытталған жан-жақты әлеуметтік мәні бар бағдарламаларды іске асырумен айналысады.

Жұмыспен қамтылуға көмектесу, шағын несиелеу, кәсіпкерлікті дамыту, қайырымдылық, халықтың мұқтаж топтарын әлеуметтік қолдау, бейімделу дене және психологиялық проблемалары бар адамдарды сауықтыру, түзету жұмыстарын жүргізу, жазылмайтын аурулармен, халықтың қауіп-қатерлі топтарымен (нашақорлар, маскүнемдер, панасыз балалар), адам құқын қорғау, экология және т.б.

бағдарламаларды іске асыруға қатысады.

Облыстағы кедейліктің келесі бір себебі адамдардың еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау шараларының тиімді жүйесінің болмауы. Соның нәтижесінде кедейлер қатары жұмыс берушілер алдында өздерінің заңды құқықтарын қорғай алмаушылармен, өз мезгілінде және еңбегіне пара-пар еңбек ақысын ала алмаушылармен толықтырылуда.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы" Заңға сәйкес билік органдары, жұмыс берушілер және қызметкерлер өкілдері арасында мүдделерін өзара келісім жүйесі барлық деңгейде де қажетті дәрежеде дамымай отыр.

Облыс аудандарындағы әлеуметтік әріптестік комиссиялары немқұрайды жұмыс жасауда, қалыптасқан проблемаларды шешуге, әріптестерді барлық мүдделі мәселелер бойынша хабардар етуге, жасалып жатқан жұмыстардың жариялылығын қамтамасыз етуге бағытталмаған.

Атырау облысы кәсіподағы қызметінің басты бағыты кәсіподақ мүшелерінің - еңбекшілердің мүдделерін қорғау болып табылады. Соған байланысты, облыстағы орташа еңбек ақының жоғары деңгейін, халықтың жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отырып, кедейлік деңгейін төмендету мақсатында облыс бойынша кәсіподақтар өз күш-жігерлерін негізгі міндеттерді шешуге бағыттауда.

Бұл міндеттерді шешу мыналар арқылы жүзеге асады:

Жұмыс берушілермен және атқарушы билік органдарымен бірігіп жұмыс жасайтын облыстық үшжақты келісім. 2001-2002 жылдарға облыс кәсіподақтарында 490 ұжымдық шарттар жасалып, оның көпшілігіне кәсіпорындар мен штаттарды қайта ұйымдастыруға байланысты жұмыстан босайтын адамдарға қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктер енгізілді.

Облыста өндіріс салалары бойынша еңбек ақыдағы қалыптасқан айырмашылықтың (ауыл шаруашылығындағы 6,8 мың теңгеден мұнай және газ салаларындағы 104,0 мың теңгеге дейін), сонымен қатар өнеркәсіп өндірісі кәсіпорындарының басшылары мен қызметкерлері арасындағы (10-20 есе) айырмашылықтың азаюы.

Аз қамтылған азаматтарға әлеуметтік қайырымдылық көмек көрсету.

### 3.2.5.3. Кедейлік деңгейін төмендетудегі жеке сектордың рөлі

Кедейлік деңгейін төмендетуде жеке сектор елеулі роль атқарады. Ол халықтың еңбекке жарамды бөлігінің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету арқылы және аз қамтылғандарға қайырымдылық көмегін көрсету арқылы қоғамдағы әлеуметтік шиеленістің төмендеуіне себеп болады.

Жеке сектордың салықтар және басқа да міндетті төлемдерді бюджетке аударып отыруы әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға мүмкіндік береді. Алайда, бұл сектордың мүмкіндігі толық деңгейде пайдаланылмай келеді.

Жеке сектордың кедейлікті төмендету жөніндегі негізгі функцияларын орындау көпшілік жағдайда оған өз бизнесін дамытуға қолайлы жағдайлар туғызылуына байланысты. Облыста қайырымдылық бағдарламалары жеткілікті дәрежеде дами алмай отыр. Қазіргі кезде аталған бағдарламалардың жұмысын реттейтін нормативтік-құқылық базалар болмағандықтан, олар берекетсіздік сипат алуда.

**3.2.5.4. Кедейлердің шешім қабылдаудағы рөлі**

Кедейлікті төмендеудің ең тиімді бағдарламасы жергілікті тұрғындардың қатысуымен және тікелей көмек алушы кедейлерді тарту арқылы жергілікті деңгейде нақты мақсаттарды шешу үшін көзделген бағдарламалар.

Қазіргі кезде кедей халық өз проблемаларын шешуге байланысты бағдарламалардың жасақталуы мен орындалуына өте аз тартылған. Бұл - қолданыстағы бағдарламада кедейлердің қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін толық ескермегендіктен көбіне өз мақсаттарына жете алмайды деген сөз.

Жергілікті атқарушы органдар көбінесе кедейлердің айтқан сөздеріне көңіл аудармайды. Кедейлік көбіне төмен білімділікпен және кедейлердің өз проблемаларын дұрыс бағалаудағы қиындықтармен байланыстырылады. Шын мәнінде, егер оларға кедейлік себептерін түсінуге көмек көрсетілсе, өз пікірін айту және ақпарат алу мүмкіндігі берілсе, олар өз проблемаларын шешу қабілеті артып, кедейлікке тиімді қарсы тұра алар еді.

**4. Облыстық бағдарламаның мақсаты, міндеттері, қағидалары және басымдылығы**

**4.1. Мақсаттары мен міндеттері**

Облыстық бағдарламаның мақсаты - экономиканың өсуі үшін жағдай жасау, өнімді жұмыспен қамтылу және халықтың табысын жоғарылату, кедейлердің денсаулық сақтау және білім алуға қол жеткізу мүмкіндігін көтеру, атаулы әлеуметтік қорғау жұмысын жақсарту, шешім қабылдауда қоғамдық институттарды тартуға мемлекеттік басқарудың тиімділігін көтеру арқылы кедейлікті азайту болып табылады.

Облыстық бағдарламада қойылған мақсаттарға жету үшін төмендегі міндеттерді шешу көзделген:

шағын бизнесті қоса кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай жасау;

қосымша жұмыс орындарын ашу, ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, кәсіби оқыту, жұмыссыздардың біліктілігін арттыру және жұмыссыздарды қайта даярлау есебінен жұмыспен қамтылуға көмектесудің белсенді шараларын жетілдіру және алға қарай дамыту;

денсаулық сақтау, білім беру секторларында мемлекеттік қызметтерге қол жетімділігі мен тиімділігін көтеру;

халықтың аз қамтылған жіктеріне атаулы әлеуметтік көмек көрсету тетігін жетілдіру;

кедейлік проблемаларын шешу тұрғысынан жергілікті атқарушы органдардың

жұмысын бағалау және мониторинг жүйесін жетілдіру;
кедейлікті анықтайтын көрсеткіштерді жетілдіру.

**4.2. Кедейлікті төмендетудің басымдылықтары мен қағидалары**

Облыста кедейлікті азайту міндеттерін шешу мынадай қағидалар негізінде жүзеге асырылады:

кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ету;

азаматтардың қолданыстағы заңдарға сәйкес жүзеге асырылатын еңбек және кәсіпкерлік бастамаларын көтермелей отырып, еңбек және әлеуметтік салалардағы масылдық көзқарасқа қарсы күрес жүргізу;

жасалатын шаралардың тиімділігін көтеру;

кедейліктің аймақтық, гендерлік, жас ерекшеліктері және басқа ерекшеліктерін есепке алу;

көмек беруде әлеуметтік әділеттілікті және атаулылықты қамтамасыз ету.

Кедейлікті төмендетудің негізгі басымдылықтары:

облыстағы кедейліктің жағдайын әділетті бағалауды қамтамасыз ету;

экономиканың одан әрі өсуін қамтамасыз ету;

халықтың жұмыспен қамтылу деңгейінің өсуі үшін жағдай жасау арқылы жұмыссыздықты төмендету;

халықтың базалық білім алу, алғашқы медициналық көмек, таза ауыз су, коммуналдық қызметтерге, көлік инфрақұрылымдарына қол жеткізушілігін арттыру;

мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсетудің атаулылығын күшейту.

**4.3. Бағдарламаны іске асыру индикаторлары**

| Көрсеткіштер | Өлшем бірліктері | 2002 жыл баға | Болжам, жылдар 2003 | 2004 | 2005 |
|---|---|---|---|---|---|
| Экономикалық көрсеткіштер | | | | | |
| 1. Жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім | Мың теңге | 680,4 | 718,0 | 756,0 | 797,4 |
| 2. Кедейлік шегінен төмен тұратын халықтың үлес саны | Мың адам | 75,0 | 73,0 | 71,0 | 68,0 |
| 3. Экономикалық белсенді халықтың арасындағы жұмыссыздар үлес саны | % | 6,7 | 4,7 | 4,6 | 4,0 |
| 4. Тіркелген жұмыссыздардың кәсіби қайта оқытылғандары | Адам | 1585 | 1600 | 1700 | 1800 |
| 5. Қоғамдық жұмыспен қамтылғандар саны | Адам | 6226 | 6500 | 7000 | 7500 |
| Әлеуметтік индикаторлар | | | | | |
| 6. Жалпы білім беру мектептері оқушыларының жалпы санының 3-ші ауысымда оқитын оқушылар үлес саны | % | 1,1 | 1,0 | 0,9 | 0,8 |

**5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетіктері**

**5.1. Кедейлікті сипаттайтын көрсеткіштерді жетілдіру жөніндегі шаралар**

Кедейлікті сипаттайтын көрсеткіштерді жетілдіру үшін:

атаулы әлеуметтік көмекті бағалау жүйесін, сонымен қатар әлеуметтік көмек тиімділігі мониторингісінің сызбасын дайындау;

мемлекеттік емес ұйымдарды тарту арқылы әлеуметтік көмекпен қамтылмаған кедейлерді анықтау тетіктерін дайындау қажет.

**5.1.1. Мақсатты топтарда кедейлік көлемін азайту жөніндегі шаралар**

Оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастарды анықтау шараларын алу және олар үшін тартымды қызметтер салаларында оларды еңбекке және әлеуметтік өмірге тарту.

Бұл топтағы жастарды есірткі пайдалану, арақ ішу сияқты зиянды әдеттерден сақтандыру, қылмысты топтардан алшақтату мақсатында, оларды еңбекке, спортқа және өнерге тарту арқылы ақпараттық және насихаттау компанияларын ұйымдастыру.

**Табысы төмен және көп балалы отбасының балалары**

Облыста аз қамтылған отбасыларын қолдау Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Жалпы білім беру қорынан қаржы бөлу әртүрлі дерек көздерінің көмегімен анықталған (үй шаруашылығын зерделеу, әлеуметтік карталар, ата-аналардың өтініштері) көп балалы, кедей отбасыларының үлестеріне сәйкес саралы және дәлелді жүргізілуі қажет.

**Ұзақ уақыт жұмыссыздар**

Жұмыссыздарды кәсіби қайта оқыту және қайта дайындау, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырғанда, кәсіпкерлікке оқытқанда, әлеуметтік бейімдеу жұмыстарын жүргізгенде ұзақ уақыт бойы жұмыссыз жүрген азаматтарға басымдылық берілуі қажет .

**Жалғызілікті егде адамдар**

Жалғызілікті егде адамдарды күту ісіне үкіметтік емес және басқа да ұйымдарды тарту жұмыстарының белсенділігін арттыру керек. Оларға көмек көрсету ісімен айналысатын әлеуметтік қызметтер құру мүмкіндігін қарастыру.

**Мүгедектер**

Мүгедектерді еңбекке тартуға жағдай жасау, инфрақұрылымдарды жетілдіру арқылы олардың өз қажеттіліктерін өтеуге мүмкіндіктерді кеңейту.

Мүгедек балаларды тәрбиелейтін отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін жиынтық табыстарын есептеген кезде олардың емдеуге және дәрі-дәрмек алуларына жұмсалатын шығындарын да есептеу қажет.

**Маргиналды топтар**

Қоғамның әлеуметтік осал жіктерінің маргиналдануды төмендету мақсатында:

Белгілі тұрағы жоқ тұлғаларды уақытша бейімдеу және бейімделу орталығын

кеңейту мақсатында мекен-жайы жоқ адамдарды анықтау;

Нашақорлықтан емделу курсынан өткен адамдар үшін арнайы емдеу-алдын-алу мекемелері мен медициналық-әлеуметтік сауықтыру орталықтарын құру;

Облыста жүрген жасырын мигранттарды анықтау және оларды ел аумағынан шығарып жіберу бойынша ішкі істер органдарының қызметін күшейту.

### 5.2. Республика халқының кедейлік деңгейін төмендету жөніндегі шаралар

### 5.2.1. Экономиканы дамыту және кедейлікті төмендету

#### 5.2.1.1. Экономикалық өсуді және кедейлікті төмендетуді қамтамасыз ету

Экономиканың алға қарай дамуы және кедейліктің төмендеуін қамтамасыз ету үшін :

инновациялық процестерді ынталандыру, жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы алға қарай экономикалық өсуге жағдай жасау және осы негізде тұрғындар табысын көтеру;

кедейлер үшін қаржы және банк секторларының қызметіне қол жеткізушілігін жақсарту;

бизнесті ашып, дамыту үшін ықшамдалған тәртіп және қолайлы жағдай жасау;

аграрлық сектордың алға қарай дамуына ауыл шаруашылығының бірыңғай ақпараттық-маркетингілік жүйесін жетілдіру, ауылдық жерлерде тұратын халықтың нарықтық білім деңгейін көтеру, ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарушылардың несиелік қол жеткізушілігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің лизингтік қатынастар негізінде материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесін құру, инфрақұрылымдарды жақсарту есебінен осы сектордың өнімділігін көтеру үшін шаралар қабылдау;

экономиканың көлеңкелі секторының көлемін қысқарту шараларын қабылдау, сол арқылы салық салу базасын көтеру;

кедейлік проблемаларын шешуде облыс әлеуетін пайдалану тиімділігі деңгейін көтеру;

шешім қабылдау барысына мемлекеттік емес ұйымдарды және кедейлерді тарту арқылы экономикалық өсу және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету үшін әлеуметтік әріптестік тетіктерін жетілдіру қажет.

#### 5.2.1.2. Жұмыспен қамтылу деңгейін көтеріп жұмыссыздықты төмендету

Еңбек рыногында жағдайды жақсарту мақсатында облыс деңгейінде төмендегі шараларды алу қажет:

шағын кәсіпкерлікті алға қарай дамыту үшін жағдай жасау;

жұмыс берушілердің жұмыс орындарын ашуға ынталандыру шараларын алу;

экономикалық қажеттілікті ескере отырып, мамандарды даярлау және қайта даярлау курстарын ұйымдастыру арқылы жұмыс күшінің біліктілігін көтеру.

Жергілікті деңгейде:

жұмыспен қамту саясатын белсенді түрде жүзеге асыру шараларын алу;

жұмыссыздарды есепке алу және тіркеу тетігін жетілдіру;

жұмыспен қамту уәкілетті органдары жанынан ұзақ мерзімді жұмыссыздарға мониторинг енгізу;

бос орындар арнайы банкісін ұйымдастыру және нақты мамандықтар бойынша бос орындар жәрмеңкесін тұрақты өткізіп тұру;

жұмыспен қамту, еңбек етуге қолайлы жағдай жасау және еңбек ақы мәселелерін шешуде әсіресе ауылдық жерлерде әлеуметтік әріптестік саясатының ролін көтеру;

жаңа жұмыс орындарын ашуда жұмыссыздардың гендерлік құрылымын есепке алу;

оралмандарды кәсіби даярлау, соның ішінде ресми тілді үйрету шараларының жоспарын әзірлеу;

ұлттық кәсіпшілікті әсіресе ауылдық жерлерде дамытуға көмек көрсету қажет.

### 5.2.1.3. Шағын бизнесті дамыту

Кемшіліктерді жою және шағын кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдай жасау үшін:

жергілікті билік органдары тарапынан қолдауды қамтамасыз ету арқылы халықтың кедей бөлігінің шағын бизнеске араласуына мүмкіншілікті қамтамасыз ету;

бизнес жүргізу және кәсіпкерлікпен айналысу негіздерін оқыту орталықтарын құру бойынша жұмыстарды күшейту;

жеке істерін ашқысы келетін халықтың кедей жігін несиелеуді кепілдікпен қамтамасыз ету тетігін әзірлеу;

өндіріс мақсатында пайдалану шартын қоя отырып, шағын бизнес субъектілеріне пайдаланылмай тұрған өндіріс ғимараттарын жалға немесе сенімгерлікпен басқаруға одан әрі беру арқылы шағын кәсіпкерлікті дамытудың белсенділігін арттыру;

тоқтап тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі төмен өндірістерді сегментациялап, одан әрі белгіленген тәртіппен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру жұмысын жалғастыру ;

бизнес-инкубаторларды құруды жалғастыру;

кредиттік ресурстарды кәсіпкерлік саласына тарту және несиелік серіктестіктерді, кепілдік пұлдарды және басқаларды құру арқылы жаңа қаржыландыру көздерін іздестіру жұмыстарын жалғастыру;

өзін-өзі жұмыспен қамтитындарға шағын кәсіпорындар ашу үшін арнайы көмек бағдарламаларын жасау;

нормативтік құқылық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысқысы келетін адамдарды ынталандыру шараларын жасақтау жұмыстарын жалғастыру қажет.

### 5.2.1.4. Қоғамдық жұмыстардың тиімділігін арттыру

Қоғамдық жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында төмендегідей шаралар жасау қажет:

қала, аудан, ауыл инфрақұрылымдарын дамытуға бағытталған қоғамдық жұмыстарда аса маңызды тәртіптер ұйымдастыру;

қоғамдық жұмыстар бойынша берешектердің жинақталуына жол бермеу;

қоғамдық жұмыстар түрін таңдаған кезде кедейлер үшін маңызды инфрақұрылымдарды салуға бағытталған жұмыстарға басымдылық беру;

қоғамдық жұмыстар түрлерін таңдаған кезде шешім алуға кедейлерді тартуға мүмкіндік беретін қоғамдық диалог жүйесін енгізу;

ауылдық жерлерде қоғамдық жұмыстарды кеңейту, тұрақты жұмыстарға ауыстыру;

кедейлердің қоғамдық жұмыстарға қатысу мониторингі тетігін жетілдіру;

қоғамдық жұмыстардың түрлеріне және күрделілік дәрежесіне қарай жұмыссыздардың еңбек ақысын саралау;

қаржының мақсатсыз жұмсалуын болдырмау үшін жұмыссыздардың тікелей жеке есеп шоттарына аудару;

білікті қызметкерлер үшін қоғамдық жұмыстардың тізбесін кеңейту;

зейнеткерлік жасқа тақалған жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстар түрлерін ұйымдастыру.

### 5.2.1.5. Кәсіби даярлауды және қайта даярлауды жақсарту

Жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлаудың пәрменді жүйесін жасау үшін төмендегі шаралар жасау қажет:

облыстық, қалалық, аудандық еңбек рыноктарындағы жұмыс күшіне қажеттілік мониторингісін жүйелі жүзеге асыру;

жергілікті еңбек рыногының қажеттілігін ескере отырып жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру;

жергілікті деңгейде қажеттілікті анықтап, жұмыссыздарды дайындау және қайта даярлауды жүргізетін және әзірлейтін ынтымақтастықты (кәсіпорындар, кәсіподақтар, үкіметтік емес ұйымдар, жергілікті билік органдары, оқу орындары) көтермелеу;

еңбек рыногындағы сұраныс құрылымының өзгеру үрдісін орта және ұзақ мерзімді болжау әдістемесін әзірлеу;

жұмыс жасап тұрған біліктілік деңгейін көтеру курстарының сапасын және материалдық-техникалық базасының жабдықталуын көтеру;

ауыл қызметкерлерінің біліктілік арттыру және олардың жаңа мамандық алуларына жағдай жасау;

қашықтан оқуға бейімделген қазіргі заманғы модульдік даярлау жүйесін енгізу;

жұмыссыз азаматтарды кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесіне отандық және шетелдік инвестицияларды тарту;

жұмыс берушінің қаржысы есебінен жұмыспен қамтылған азаматтардың біліктілігін көтеру;

"Теңізшевройл" ЖШС-нің шикі газды айдау және Екінші буын зауыты құрылысы жобаларын жүзеге асыру мақсатында жоғары білікті мамандарды даярлау үшін ПФД компаниясының оқу орталығы ашылуына байланысты облыстық мұнайгаз кешені кәсіпорындарына 5000-ге жуық адамды кәсіби дайындауды ұйымдастыру;

Еңбек рыногында қалыптасқан қажеттіліктерге байланысты "ПФД Интернэшнл" жауапкершілігі шектелген компаниясының Атырау филиалымен және "SAID" фирмасымен бірігіп құрылыс саласына қажет жұмысшы мамандықтарына Атырау облысының жұмыспен қамтылмаған тұрғындарын оқыту жоспарлануда.

### 5.2.1.6. Шағын қаржыландыру көлемін кеңейту жөніндегі шаралар

Облыста шағын несие берудің белсенді жүйесін құру үшін:

облыста шағын несие ұйымдарының қызметіне (банкілік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге құқысы бар банкілік емес құрылымдар) қолайлы жағдай жасау;

шағын несие ресурстарын беру рыногында сұраныс пен ұсыныс балансына талдау жасау;

шағын несиелеудің негізгі мақсатты топтарын анықтау;

шағын қаржыландыру бойынша мамандарын дайындауды ұйымдастыру;

гранттар мен несиелерді аз қамтылған азаматтар тобына, әсіресе жалғызілікті және көп балалы аналарға басымдылықпен беруді қамтамасыз ету;

гранттар мен шағын несиелерді бергенде оқыту бағдарламаларын енгізуді жүзеге асыру. Шағын несие алуға үміткерлер кәсіпкерлік қызмет дағдысына үйретілген және әдейі сараптаудан өткен, аз қамтылған азаматтар ішінен болуға тиіс;

өз бизнесін ұйымдастыратын ауыл әйелдеріне (оқыту, шағын қаржыландыру), әйелдер басшылық жасайтын шағын кәсіпорындарға қолдау көрсету шараларын қабылдау;

тек қана накты бизнес-жобалары немесе бизнес-идеялары барларға ғана шағын несиені (мүмкіндігінше жеңіл нысандағы) беруді қамтамасыз ету;

шағын несиелеудің айқын, бақылау жасауға жеңіл есеп беру схемасын, қаржыны мақсатсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік шараларын анықтау;

берілген шағын несиені табысты пайдалану тәжірибесін белсенді түрде насихаттау қажет.

## 5.2.2. Әлеуметтік саланың дамуы

### 5.2.2.1. Демографиялық және көші-қон факторларының кедейлікті бәсеңсітуге әсер ету шаралары

Демографиялық факторлардың кедейлікті бәсеңсіту ықпалын азайту мақсатында:

ананың бала туу қабылетін нығайту;

облыс аумағында, әсіресе көп балалы отбасылары көп аудандарда, халықтың отбасын жоспарлау туралы ақпараттар алуына мүмкіншілікті жақсарту;

қыз балалардың аналық жүйелері ауруының анықтау және емдеу шараларын іске асыру;

ауыл халқының жұмыспен қамтылуына ықпал ету мақсатында арнайы шараларды жетілдіру және жүзеге асыру арқылы көшіп кетушілері көп жерлерде халықтың өнімді жұмыспен қамтылуын, ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдарын нығайтуды қамтамасыз ету;

еңбек көші-қонын дамыту;

оралмандардың көшіп келген жерлеріне жайласуына, жұмысқа орналасуларына, келген ортаға және жергілікті әлеуметтік ортаға бейімделулеріне жәрдемдесу;

көшіп келу квотасы бойынша облыс аумағына келген оралмандарды қабылдау, орналастыру, жайластыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді толық орындау;

адамдарды тиімсіз өндіріс зоналарынан көшіріп, еңбек етуге және өмір сүруге қолайлы аймақтарға көшіруге ықпал ететін шаралар әзірлеу қажет.

### 5.2.2.2. Халықтың денсаулық сақтау қызметіне қол жеткізуді жақсарту жөніндегі шаралар

Халықтың денсаулық сақтау қызметтерін жақсарту үшін:

халықты заңнама кепілдік беретін тегін медициналық көмек көлемінің орындалуын қамтамасыз ету;

облыста, әсіресе ауылдық жерде, алғашқы дәрігерлік-санитарлық көмек түрлерін, сонымен қатар медициналық көмектің жаңа түрлерін (күндізгі стационарлар, үйдегі стационарлар, ауылдық жердегі жылжымалы медициналық нысандар) алдымен халықтың әлеуметтік осал жіктеріне көрсетуді дамыту;

шалғайдағы ауылдар тұрғындарының дәрі-дәрмекке қол жетімділігін жақсарту;

туберкулезбен, қаны аздықпен және басқа да әлеуметтік мәні бар аурулармен күресу тиімділігі деңгейін көтеру;

бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы салауатты өмір салтын насихаттауды күшейту;

ВИЧ/СПИД-тің алдын алу, әсіресе жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

ана сүтімен емізу туралы кеңейтілген бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы сәбилер мен балалар өлімінің, сонымен қатар респираторлық вирустық және жұқпалы ішек ауруларының, иод пен темірдің балалар тағамы құрамында жетіспеушіліктің алдын алу және тағы басқа шараларды жүзеге асыру;

аналар өлімін төмендету шараларын жасақтау;

денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторын, әсіресе ауылдық жерлерде одан әрі дамыту шараларын жасау;

халыққа көрсетіліп жатқан дәрігерлік көмек деңгейін 2001-2005 жылдары аралығында одан әрі көтеру және жетілдіру шараларын жүзеге асыру мақсатында

облыс әкімі "Диабет", "Жасөспірім", "Билл", "Жарақаттанушылықты төмендетудің алдын алу профилактикасы" және "Аналар мен балалардың денсаулығын қорғау" кешенді бағдарламаларын әзірлеп, бекітеді.

**5.2.2.3. Халықтың білім алу мүмкіндігін жақсарту**

Халықтың білім алу мүмкіндігін жақсарту үшін:

жалпы білім беру мектептері желісін, алдымен ауылдық жерлерде дамыту;

орта кәсіптік, бастауыш оқу орындары, мектепке дейінгі және мектептен тыс білім беру мекемелері желісін дамыту;

жатақханаларға селолық жерлердің шалғай аудандарынан келген бастауыш және орта кәсіби оқу орындарының оқушыларын орналастыру мәселелерін шешу;

жан-жақты оқыту қаржысы есебінен аз қамтылған отбасылар балаларына жалпы білім беру және бастауыш кәсіби мектептерде ыссы түстік ас беру көлемін кеңейту;

мектептерде өзін-өзі бағалау деңгейін көтеру, оқуға ынтасы және және девианттық тәртіп болдырмау туралы арнайы бағдарламалар енгізу;

аз қамтылған отбасыларының балаларына киім, оқу құралдарын алуға көмектесу, ыстық тамақ ұйымдастыру;

балаларды үздіксіз мектепке жеткізуді қамтамасыз ету;

жергілікті бюджет есебінен аз қамтылған отбасылар балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру;

мектепке бармай жүрген мектеп жасындағы балаларды анықтау және оларды мектепке қайтару ісіне қоғамның жұмылдырылуын қамтамасыз ету;

сабаққа қатыспай жүрген мектеп жасындағы балалардың нақты есебін жүргізу тетігін дайындау керек.

**5.2.2.4. Халықтың осал қамтылған жіктеріне мемлекеттік әлеуметтік көмектер жүйесін жетілдіру**

Халықты әлеуметтік қорғаудың қазіргі заманғы жүйесінің жұмысын талдау негізінде төмендегідей шараларды жүзеге асыру қажет:

табыс деңгейін, отбасының әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштерін, мүліктерін және басқа да атаулы көмек беру өлшемдерін дәлірек талдау негізінде қажеттілікті бағалау әдістерін жетілдіру;

ең аз еңбек ақы мөлшерін кезек-кезеңмен аз күнкөріс деңгейіне жеткізу;

халықты әлеуметтік қорғау мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдар жұмысын үйлестіру және функцияларды бөлуді күшейту есебінен әлеуметтік көмек бағдарламаларын әкімшілік басқарудың тиімділігін арттыру;

сәйкестендірудің бірыңғай жүйесін жасау және әлеуметтік төлемдер алушылардың тіркемелерін тәжірибеге енгізу;

бөлінген ресурстар үлесінің көмек алушылардың өмір сүру деңгейіне әсер етуін және мақсатты топқа жететіндігін анықтау арқылы әлеуметтік бағдарламалардың тиімділігін бағалау әдісін жетілдіру;

халықтың әлеуметтік көмек алу мүмкіндігі туралы айқын және толық ақпарат алу мүмкіндігін кеңейту есебінен әлеуметтік көмек көрсету туралы қабылданған шешімнің жариялылығын қамтамасыз ету;

зорлық әрекеттерге ұшыраған әйелдер мен балаларға арналған дағдарыс орталықтарын құру.

**5.2.3. Инфрақұрылымдар қызметтерімен халықты қамтамасыз етуді жақсарту**

**5.2.3.1. Халықты коммуналдық қызметтермен және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар:**

тұрғын үйді және әлеуметтік сала объектілерінің жобасын жасау және жүзеге асыру кезінде қимылдау мүмкіндіктері шектеулі азаматтар үшін алдын-ала жағдайларын қарастыру;

ауылдық жерлерде тұрақты электр энергиясын беруді, сонымен қатар электр пайдаланудың есебін жүргізуді қамтамасыз ету жүйесін енгізу;

табиғи монополия субъектілерінің көрсетіп отырған қызметі үшін белгілеп отырған бағалары мен тарифтерінің жариялылығын және негізділігін анықтау мақсатында олардың қызметіне мониторинг жасау жүйесін жетілдіру.

**5.2.3.2. Халықты сумен, соның ішінде таза ауыз сумен қамтамасыз етілуін жақсарту жөніндегі шаралар:**

аса мұқтаж елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету және ауыз сумен, коммуналдық-тұрмыстық, шаруашылық сумен жабдықтау бойынша бірінші кезекті шараларды дайындау;

сауықтыру және ауыз сумен жабдықтау объектілерін салу, су шаруашылығы жобаларын басым қаржыландыруды қамтамасыз ету;

табиғи су қоймаларынан және су көздерінен қашықта орналасқан ауылдық елді мекендер мен аймақтарды сапалы сумен қамтамасыз ету үшін магистралдық су құбырлары тобын және сумен қамтамасыз ету объектілерін қайта жаңартуды жалғастыру;

ауыз су сапасына бақылауды күшейту.

**5.2.3.3. Халықты жолдармен, көлікпен, байланыс қызметімен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар**

Орталық жалпы қатынас жолдарымен байланыстыратын ауылдық жерлердегі автомобиль жолдарын қалпына келтіру шараларын қолдану;

магистралдық және транзиттік автомобиль жолдарының жанында сервистік қызмет көрсетуге қолайлы жағдай жасап, шағын бизнес пен халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын дамыту;

аймақтық инвестициялық бағдарламаларды елді мекендердегі тіршілікті қамту объектілеріне, жергілікті маңызды жолдарды қалпына келтіруге, инфрақұрылымдарды дамытудың әлеуметтік маңызды жобаларын жүзеге асыруға бағыттап отыру;

телекоммуникациялар қызметтерінің ең аз тобын анықтау және оларды тұрғындарының саны 200 және одан артық ауылдарға беруді қамтамасыз ету;

шығынын өтей алмайтын телекоммуникация қызметін қаржыландыру, ауылдық жерлерге телекоммуникация қызметтерін көрсетуге ынталы байланыс операторларын ынталандыру тетіктерін дайындау;

бюджет қаржысы есебінен халықтың әлеуметтік осал жіктеріне атаулы көмек көрсету арқылы, жергілікті телефондық байланыс қызметі бағасын пайдалану уақытына қарай есептеу жүйесін енгізгенде халықтың әлеуметтік осал жіктерін атаулы қорғау шараларының жүйесін жасақтау;

пошталық байланыс қызметінің ең аз жиынтығын анықтау және олардың шалғай орналасқан ауылдар және шағын елді мекендердің тұрғындарына сапалы түрде берілуін қамтамасыз ету;

ауылдық жерлердегі емдеу-алдын алу мекемелерге (фельдшерлік-акушерлік пункттер, отбасылық дәрігерлік амбулаториялар, селолық учаскелік ауруханалар) телефондар жүргізу.

### 5.2.4. Аймақтық деңгейде кедейлікті төмендету және жағымсыз экологиялық факторлардың кедейлікке әсері

#### 5.2.4.1. Аймақтық деңгейде кедейлікті төмендету шаралары

Артта қалған аймақтар экономикасын дамыту арқылы аймақтар бойынша халықтың ақшалай табыстарын көбейту;

облыс дамуының басымдылық бағыттарын анықтау және бар әлеуетті мейлінше тиімді пайдалану;

облыс аумағының қай жерінде тұрғанына қарамастан, заңнамада қарастырылған әлеуметтік көмек түрлерін халықтың тең пайдалануын қамтамасыз ету;

облыста экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің арнайы шараларын жасақтау.

#### 5.2.4.2. Ауылдарда, соның ішінде тоқырауы экономикалы ауылдарда, кедейлік деңгейін төмендету

Кедейлік деңгейін төмендету ісіндегі басты бағыт тұтастай алғанда аграрлық саясатты жетілдіру және табысты қалыптастыру саясаты болуы тиіс. Еңбек ақы ролін көтеру және енжарлық пен масылдық көзқарасты жеңу әр адамның өз күш-қуатын сарқа пайдалануға мүмкіндік береді.

Ол үшін:

несие саясаты арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдауды қамтамасыз ету;

ауыл шаруашылығы техникасының лизингін дамыту;

ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу пункттері желілерін дамытуға ықпал ету;

ауыл шаруашылығы өндірісі мамандарын даярлайтын кәсіби мектептер (лицейлер) желісін дамыту;

ауылдық жерлерде несиелік серіктестіктер құру;

өзін-өзі жұмыспен қамту салаларының бірі ретінде азаматтардың жеке шаруашылықтарын дамытуға жағдай жасау;

жергілікті шикізаттар мен табиғат материалдарын пайдалана отырып, дәстүрлі қолөнер мен кәсіптерді дамытуға жағдай жасау;

ауылдың әлеуметтік саласы мен инфрақұрылымдарын дамыту шараларын дайындау ;

экологиялық қолайсыз аудандардағы шалғай ауылдардың халқына дәрігерлік қызмет көрсетудің арнайы шараларын дайындау.

**5.2.4.3. Халықтың кедейлігіне экологиялық факторлардың қолайсыз әсер етуді төмендету жөніндегі шаралар**

Халықтың кедейлігіне экологиялық факторлардың қолайсыз әсер етуін төмендету мақсатында:

жерге қоныстандыру және су пайдалану мәселелері бойынша жасалатын бағдарламаларда экология және кедейлік проблемаларын есепке алып отыру;

су шаруашылығы объектілерін қайта құруға және пайдалануға бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылауды күшейту;

халықтың экологиялық жағдай және денсаулығына қауіп-қатердің барлығы туралы дұрыс және толық мәлімет алуларына кеңірек мүмкіндікті қамтамасыз ету;

халық арасында табиғат ресурстарына, оның ішінде жануарлар және өсімдік әлеміне ұқыптылықпен қарау қажеттігін насихаттау жұмыстарын жүргізу;

заңды және жеке тұлғалардың, табиғат пайдаланушылардың экологиялық талаптарды орындауына бақылауды күшейту, ағаштар отырғызу бойынша, қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру қажет.

**5.2.5. Халықтың кедейлік деңгейін төмендетуде қоғамдық институттар қызметін жақсарту шаралары**

**5.2.5.1. Кедейлік деңгейін төмендетуде мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар**

Тиімді нормалар мен нормативтер негізінде халықты әлеуметтік сала қызметтерімен (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт) қамтамасыз ету шараларын қабылдау:

тұтынушылар үшін тарифтердің алдымен жариялылығын және әділеттілігін, негізделгендігін ескеретін табиғи монополиялар субъектілерінің шығындары құрамын қалыптастыру жүйесін жетілдіру;

кәсіпкерлікке ынталандыру үшін рұқсат ету жүйесін әр қарай ықпалдастыру есеп беру процесін және жүйесін оңайлату мақсатында пәрменді шаралар дайындау;

алғашқы медициналық көмек көрсету, базалық білім беру қызметтеріне, атаулы көмек беруге бағытталған қаржыларды мақсатты пайдалануға бақылауды күшейту, нақты іс-қимылдар мен бағалау өлшемдерін пайдалану арқылы мониторинг жүйесін енгізу;

ауылдық жерлерде мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері мен фельдшерлік пункттерді ашуға ықпал ету;

тиісті мектебі жоқ елді мекендерден мектепке балаларды көлікпен тасымалдауды ұйымдастыру;

жалпы білім беретін мектептерде мен кәсіби мектептерде (лицейлердің) оқитын аз қамтылған отбасыларының балаларына арнап күніне бір рет тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

қараусыз қалған балаларды уақытша ұстау үшін паналау үйлерінің желісін кеңіту;

ауылдық жерлерде сатып алу-дайындау пункттерін ұйымдастыруға ықпал ету;

елді мекендердің өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарын дамытуға бағытталған аймақтық инвестициялық бағдарламаларын дайындау;

жеке секторға кедейлікті төмендету жөніндегі шараларды жасауға және іске асыруға жағдай жасау және бұл мәселелер бойынша жұртшылықты үнемі хабардар етіп отыруды жүзеге асыру;

мемлекеттік органдар мен мүдделі қоғамдық бірлестіктер арасында кедейлік деңгейін төмендету мәселелері бойынша сұхбат өткізуді тәжірибеге енгізу;

кәсіби мектептер (лицейлер) колледждер жүйесін кеңейту, ауыл тұрғындарының бастауыш және орта кәсіби білім алу мүмкіндігін кеңейтудің пәрменді шараларын қабылдау;

бұқаралық ақпарат құралдарын, оның ішінде жеке меншік ақпарат құралдарын да кедейлікті төмендетудегі оң тәжірибелерді насихаттауға тарту.

### 5.2.5.2. Үкіметтік емес ұйымдардың және кәсіподақтар қызметтерін кедейлік деңгейін төмендетуді жетілдіру жөніндегі шаралар

Мұқтаждардың нақты саны негізінде кедейлерді қолдауға бюджеттік қажеттіліктерді қалыптастыруда мемлекеттік емес ұйымдардың қатысуын қамтамасыз ету;

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке қаржыны іске асыру кезеңінде мемлекеттік емес ұйымдардың көмегімен мониторинг жүйесін ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңына сәйкес аймақтық әкімдер құрған учаскелік комиссиялар құрамына міндетті түрде мемлекеттік емес ұйымдар өкілдерін енгізу;

Жұмыспен қамту мәселелері бойынша бағдарламаларды жасақтауға арналған жұмысшы топтар құрамына қоғамдық бірлестіктер өкілдерін тарту;

Еңбек құқықтары, нарықтық экономика жағдайында кәсіподақтардың рөлі мен орны туралы пікір алмасуларды ұйымдастыру. Бұл мақсатта ақпараттық қызметтерге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар негізінде теледидарды, радионы, мерзімді бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану;

Жаңа нарықтық еңбек қатынастарын мектептерде оқытудың жаңа оқу бағдарламаларын жасау, немесе қолданыстағы оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу;

"Әлеуметтік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалуына бақылауды күшейту, кедейлікті жеңудің бір тетігі ретінде үш жақты әлеуметтік әріптестік комиссиясын пайдалану;

Шағын несиелеу саласында жұмыс жасайтын үкіметтік емес ұйымдардың шағын несие беру жөніндегі оң тәжірибесін тарату;

